

Қызылқоға ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 тамыздағы № 6-2 шешімі. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2025 жылғы 5 тамыздағы № 32-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 05.08.2025 № 32-2 шешімімен (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Қызылқоға аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қызылқоға ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылқоға аудандық
мәслихатының төрағасы

Т.Е. Бейсқали

Қызылқоға аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
14 тамыздағы № 6-2
шешіміне қосымша

Қызылқоға ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілерінің түрлері	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық шамасы, м³
1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,67 1,82
2.	Жатақханалар, интернаттар және сол сияқтылар	1 орын	1,53
3.	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,1

4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,61
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,33
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0082
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,27
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,37
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,78
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,42
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,0037
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,045
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,09
14.	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	1,25
15.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,62
16.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,27
17.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,47
18.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	0,61
19.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,27
20.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,64
21.	Зергерлік, аяккиімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,41

22.	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	-
23.	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,71

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК